

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі туралы" 2004 жылғы 7 қазандағы № 1042 қбпү қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 585 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, 575 бірлік болып бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің адам санын ескере отырып штат санының лимиті осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) қызмет бабында пайдалану үшін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 21 қыркүйектегі  
№ 585 қаулысы  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
№ 993 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеменің адам санын ескере отырып штат санының лимиті**

Атауы	Ш т а т санының лимиті
1	2
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесі оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, оның ішінде:	575
Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі:	318

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК